

## Қайрбеков Нұрлан Евфратұлының

«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (Ph.D.) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияға

### АННОТАЦИЯ

**Орта азиядағы мұсылман құқығы тарихындағы Мұхаммад ибн Ахмад аль-Исбиджабидің алатын орны және маңызы (оның «Зад ал-фукаха» шығармасындағы мәліметтері негізінде)**

**Диссертациялық зерттеуге жалпы сипаттама.** Диссертациялық жұмыс ортағасырлық Исбиджабтан (қазіргі Оңтүстік-Қазақстан облысы) шыққан Баха' ад-дин Абу-л-Ма'али Мухаммад ибн Ахмад ал-Исбиджабидің қызметі мен шығармашылығына арналған.

Оның осы күнге шейін қолжазба түрінде сақталған «Шарх Мухтасар ал-Кудури» деген еңбегі Орталық Азияда және жалпы мұсылман әлемінде мұсылмандық құқықтың (*фикх*) дамуы мен қалыптасуына зор ықпалын тигізді. Ол жалпыисламдық ережелермен қатар, XII ғасырдағы жергілікті халықтың рухани және мәдени өмірінің көптеген бөлшектері мен мысалдарын, жеке қоғамның әлеуметтік, экономикалық өмірі мен тұрмысын, барлық Орталық Азия халқының дәстүрін тоғыстыра отырып, жазған. Әсіресе Исбиджаб қаласын өте жақсы қамтыған. Осы тұрғыда қарастырылып отырған еңбек Қазақстан мәдениеті тарихының баға жетпес қайнар көзі болып табылады.

Баха' ад-дин аль-Исбиджабидің бұл шығармасының мәліметтеріне сүйене отырып, орта ғасырлық Қазақстан мен Орталық Азиядағы ислам дінінің болуының аймақтық формасының негізгі жақтары, сонымен қатар Орталық Азиядағы Қараханидтер мемлекетінің (382–607/992–1211) діни саясатының болмысы мен негізгі жақтары анализделінген.

**Диссертациялық зерттеудің маңыздылығы.** Диссертациялық зерттеудің тақырыбының маңыздылығы Қараханидтер династиясы салтанат құру дәуірінде Орталық Азия қалаларының орталықтарында мұсылман қоғамы мен ислами ғылымдардың тарихы бойынша мәліметтердің аз зерттелуінде.

Жаңа жазбаша ескерткіштерді табу және ғылыми ортаға енгізу, осы аймақтағы алдыңғы қатарлы дін мамандарының қызметін зерттеу үшін тұрақты дереккөз базасын жасауға мүмкіндік береді. *Факихтер* мен *'уламалар'* шоғырланған ірі қала орталықтары мемлекет өмірінде үлкен рөл атқарған. Сол эпоханың дін мамандарының ортасын зерттей отырып Қараханидтердің діни саясатын зерттеуге мүмкіндік аламыз. Бұл тарихи-мәдени аймақта ислам дінінің жайылуына байланысты аймақтық мұсылмандық қоғамның қалыптаса бастағаны белгілі. Ежелгі өркениеттер мұсылмандық қоғамның рухани өміріне ене отырып, бұл дінге өзінің діни-этикалық көзқарастарын, құқықтық нормаларын, салт және мәдени

дәстүрлерін енгізді. Мұсылман әлемінің түрлі сегменттері исламға бір уақытта және бірдей дәрежеде бейімделмеді. Нәтижесінде бұл исламның бір аймақтың тұрмысы келесі аймақтың тұрмысынан өзгешелендіретін сипатқа әкелді. Жергілікті салт-дәстүрлерді, құқықтық нормаларды ислами тұрғыдан «жаңарту» процесі және оны «өз» дініне айналдыру барысында діни авторитеттер қауымы мен жергілікті рухани орталықтардың қалыптасуымен байланысты болды.

Исламның өзгешелігіне байланысты бұл процессте басты рөл мұсылман дін мамандары мен заңтанушыларға (*факихтерге*) жүктелді. Исламның басты бір идеясына сәйкес, Аллаһ Құран арқылы жіберген, Мұхаммед пайғамбарымыздың *сүннетінде* көрініс тапқан және мұсылман отбасы мен қоғамы өмірінің принциптері мен ережелерін реттейтін ғылым жинағы – *фикхта* түсіндірілген қасиетті діни заң бойынша өмір сүретін тұтас бір әлем бар. Сол дәуірде өмір сүрген көптеген ғұламалардың еңбектерінде Қараханидтер династиясы салтанатқұрған кездегі Қазақстан және Орта Азия халықтарының саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірі көрініс табады. Осындай шығармалардың бірі Баха' ад-дин Абу-аль-Ма'али Мұхаммад ибн Ахмад аль-Исбиджаби шығармасы болып келеді.

**Тақырыбтың өңделу деңгейі.** Қараханидтер дәуірінде ислам ғылымдарын дамытуға арналған тарихнамалық еңбектерде Баха' ад-дин аль-Исбиджабидің биографиясы мен жалғыз еңбегінің атауы айтылады. Бұл мәліметтер көбінесе тарихи-биографиялық атақты классикалық шығармалардан алынған. Аль-Исбиджабидің «Зад ал-фукаха'» еңбегін зерттеуге алғаш болып 2014 жылы қадам басқан «Умм ал-Кура» (Медина, Сауд Арабиясы) университетінің ізденушісі 'Ид ибн Мұхаммад ибн Хамд ад-Дусари болған еді. Алайда, оның жарық көрмеген диссертациялық жұмысы шығарманың бір бөлігіне («Китаб ихйа' ал-мават» - тан бастап кітаптың соңына шейін) критикалық мәтін құрастырудан тұрады (барлық 988 беттің 914 беті). Қысқаша жазылған зерттеу бөлігінде диссертант «Мухтасар ал-Кудури» мен «Зад ал-фукаха'» мәтіндерін бір-бірімен филологиялық тұрғыда байланыстырумен айналысады. Бұл шығарма 'Аббасидтер (749-1258) дәуірінің құқықтық әдебиеті ретінде қарастырылады және бұл Орталық Азия тарихына ешқандай қатысы жоқ.

Қараханидтер дәуіріндегі Орталық Азия тарихы бойынша зерттеулердің көбісі осы династияның тарихына, оның салтанат құруының саяси аспектілеріне арналған. Олардың саясатының діни аспектісі дереккөздердің аз болуына байланысты қарастырылмаған. Қараханидтер дәуірінің рухани өмірінің кейбір жақтары отандық зерттеуші А.К. Мүміновтың монографиясында көрініс тапқан. Алайда олар Алтын Ордадан шыққан Махмұд ибн Сулейман ал-Кафавидің (989/1581 жылы) «Ката'иб а'лам ал-ахйар мин фукаха' мазхаб ан-Ну'ман ал-мухтар» (ан-Ну'ман мектебінің атақты заңгерлерінің дәрежелері) атты еңбегінде айтылады.

Сонымен, бұл ғылыми мәселе діни саясаттың көшбасшыларының қызметін зерттеу негізінде және сол процесстерге белсенді қатысушылардың

жазбаларына жататын дереккөздердің түпнұсқасы негізінде қарастырылмаған.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеті.** Бұл диссертациялық зерттеудің негізгі мақсаты «Зад ал-фукаха» шығармасының және оның авторы Баха' ад-дин Абу-л-Ма'али Мұхаммад ибн Ахмад аль-Исбиджабидің шығармашылық қызметін қазіргі кездегі рухани процесстерді басқаруға септігін тигізетін өте бағалы және өзекті болып есептелетін түркі Қараханидтер династиясының (382–607/992–1211) басқа да діни саясат жайлы жазылған шығармалармен кешенді түрде салыстырмалы анализ жасау болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін бұл жұмыста төмендегі зерттеу міндеттері талқыланады және шешіледі:

- Баха' ад-дин Мұхаммад ибн Ахмад аль-Исбиджабидің биографиясы Исбиджаб қаласының дін мамандары ортасымен тығыз байланыстыра отырып зерттеу. Ол кезде Исбиджаб қаласы Түркістан (Отрар, Арсубаникент, Шельджикент, Тараз, Джикиль, Баласағұн) қалаларымен қатар Қараханидтер дәуірінде ірі ислам ғылымдарының, мұсылмандық заңтану орталығына айналған еді;

- Баха' ад-дин аль-Исбиджабидің «Зад ал-фукаха'» шығармасын ханафиттік бағыттағы ислам құқығы нормаларының Орталық Азия халықтарының жергілікті салт-дәстүрлерімен байланысуын дереккөз ретінде анализ жасау;

- Баха' ад-дин аль-Исбиджабидің шығармашылық қызметі арқылы Қараханидтер салтанат құрған кезде дін мамандары мен діни ортаның өзгеріске ұшырауының негізгі этаптарын айқындау;

- рухани кадрлардың құрылу принциптерін, мемлекеттің діни ахуалға және мұсылман қауымына басқарылатын діни мамандар арқылы әсерін анықтау;

- Баха' ад-дин аль-Исбиджабидің «Зад ал-фукаха'» шығармасының атрибуциясын зерттеу;

- жергілікті әлеуметте ислам діні мен ұлттық мәдениеттің байланысу тұжырымдамасын зерттеу;

- Баха' ад-дин аль-Исбиджабидің «Зад ал-фукаха'» шығармасы мысалында орталық-азия аймақтарындағы ханафиттік авторлар еңбектерінің жалпы мұсылман әлемінің діни әдебиетінің дамуына әсер ету дәрежесін айқындау.

Диссертациялық зерттеудің **ғылыми жаңашылдығы** төменде көрсетілген ерекшеліктерден тұрады:

1. Барлық осы күнге дейін жеткен тізімдер мәліметтері негізінде жиып алынған Баха' ад-дин аль-Исбиджабидің жарық көрмеген «Зад ал-фукаха'» атты еңбегіне алғаш рет кешенді талдау жүргізілді және ғылыми ортаға ұсынылды.

2. Баха' ад-дин аль-Исбиджабидің оның Самарқандта Қараханидтердің жоғарғы рухани өкілі (муфти) ретінде атқарған қызметі сол кездегі тарихи-

биографиялық әдебиеттер, эпиграфикалық ескерткіштер дереккөздерінен алынған мәліметтерін салыстырмалы талдау негізінде зерттелінді.

3. Бірінші рет қазақ ғылымында Қараханидтер мемлекетінің діни саясаты жайлы материалдарға кешенді зерттеу жүргізілді және оның болмысы мен негізгі құрамдас сипаттары айқындалды.

4. «Зад ал-фукаха'» шығармасының 'Ала' ад-дин ас-Самарқанди (539/1144-1145 жж), Бурхан ад-дин ал-Маргинани (593/1197 ж) және басқа да олардың соңынан ерушілердің шығармашылықтарына әсер ету арқылы Орталық Азияда мұсылмандық құқықтың дамуына алатын орны мен маңызы айқындалып, көрсетілді.

5. Баха' ад-дин аль-Исбиджабидің қызметі мен шығармашылығы мысалында дәстүрлі ислам мұрасының тарихи құндылығы мен мүмкіншілігін зерттеу, бағалау және Қазақстан мен Орталық Азияның діни сферасында болып жатқан заманауи процесстерге әсері айқын көрсетілген.

**Диссертациялық зерттеудің объектісі мен мәні.** Зерттеу объектісі - Баха' ад-дин аль-Исбиджабидің «фикх» теориясы және ислам ережелеріне байланысты сұрақтарға қатысты позициялар. Зерттеу мәні – Баха' ад-дин аль-Исбиджабидің «Зад ал-фукаха» еңбегіндегі ислам ережелеріне жасаған пайымдаулар мен тезистер.

**Диссертациялық зерттеудің ғылыми әдістері мен амалдары.** Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы және мағыналық-этимологиялық контекстік талқылау қолданылды, герменевтикалық, теолого-компаративтік әдіс, теологиялық талқылау, талдау, классификациялау, сипаттау, жалпылау және басқа да ғылыми әдістер пайдаланылды.

**Зерттеудің теориялық, методологиялық және ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы төмендегілер:**

біріншіден, Қазақстандағы діни тарих бойынша ғылыми ортаға жаңа дереккөз енгізілді, бұл осы бағытта зерттеулерді жандандыру үшін мүмкіндіктер ашады;

екіншіден, рухани көшбасшы қызметінің мысалында дін мамандары арқылы діни ахуалды басқару тәсілдерін көрсетті;

үшіншіден, диссертацияда дін мамандарының бәсекелестік күресі діни ғылымдардың дамуына әсерін тигізетіні көрсетілген;

төртіншіден, бұл аймақта исламның орнығу формаларын зерттеуге жаңа бағыттар береді;

бесіншіден, қазіргі таңда бұл диссертация бүкіл әлемдегі және Орталық Азиядағы қазіргі діни ахуалға байланысты, қазақ халқының діни көзқарасы мен санасына сәйкес келетін дәстүрлі діни концепциялардың қайта жандану процессінде маңызы өте зор болып табылады. Сонымен қатар, бұл диссертациялық зерттеу дінтану, тарих және мәдени салаларды зерттеу үшін дереккөз ретінде пайдаланылады.

Зерттеудің методологиялық негізі ретінде ортағасырлық мұсылмандық Шығыстың діни жайлы тарихи ғылымның теориялық ережелері болып келеді. Бұл жұмыста, біз сонымен қатар, отандық және шетелдік дінтанушылар мен

исламтанушылардың жасаған жалпы исламдық сұрақтарға және мұсылман әлемінің, соның ішінде Орталық Азияның түрлі бөліктеріндегі ислам дінінің орнығуының аймақтық формаларының ерекшеліктеріне жүргізген зерттеулері бойынша алынған басты нәтижелерге, зерттеу қорытындылары мен жаңа әдістерге сүйендік.

Бұл тәсілдің мәні – үкімет пен мұсылман қауымның арасындағы нақты қатынастың толық және дәлме-дәл көрінісін алу үшін дереккөздерден алынған материалдарды кешенді өңдеу және талдау. Осындай дереккөздердің бірі Баха' ад-дин аль-Исбиджабидің «Зад ал-фукаха'» еңбегі болып табылады. Бұл шығармада жалпы исламдық ережелермен қатар, барлық Орталық Азия халқының және Исбиджаб қаласының жергілікті тұрғындарының жеке рухани және мәдени өмірінің, әлеуметтік нормалары мен экономикалық өмірінің, тұрмыс, салт-дәстүрінің нақты көріністері ашылып жазылған. Осыған байланысты бұл еңбек XII ғасырдағы Қазақстан және Орталық Азия мәдениетінің тарихы үшін өте бағалы және сенімді дереккөз болып келеді.

Дереккөзді талдауға орта ғасыр мәтіндерін араб тілінде зерттеуге тарихи-филологиялық бағыт қолданылды. Қолжазба дереккөздерін зерттеу үшін шығыс қолжазбаларының арнайы палеография және кодикология әдістері қолданылды.

**Диссертация нәтижелерінің қолдану маңыздылығы** дәстүрлі исламның тарихи тәжірибесі дін саласында жаңа саясат жасауда қажеттілігін көрсетті, сонымен қатар, ол біздің елде діни білім беру жүйесіне жаңа оқу құралдарын енгізу қажеттілігін түсіндіріп берді. Диссертациялық жұмыстың қорытындысы мен ғылыми нәтижелері жоғарғы және орта білім бері оқу орындарында дінтану және исламтану мамандықтары бойынша материалдар мен дереккөздер немесе оқу құралы ретінде қолданылуы мүмкін.

**Зерттеу нәтижелерін апробациялау.** Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері мен жетістіктері 13 ғылыми мақаларда жарық көрді және мақұлданды. Солардың ішінде 1 мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін журналында жарық көрді, 2 мақала шет елдік басылымда, 5 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, 5 мақала ғылым және білім беру саласын қадағалау бойынша Комитет пен Қазақстан Республикасы ғылым және білім министрлігі ұсынған басылымдарда жарық көрді.

**Диссертациялық зерттеудің құрылымы** зерттеу міндеттерін шешу логикасы мен міндетіне сәйкес келеді. Диссертация кіріспеден, үш тараудан тұрады; әр тарау үш бөлімге бөлінген; қорытынды және қолданылған дереккөздер мен әдебиеттер тізімі, сонымен қатар жұмыс мақсаты мен міндетіне сәйкес келетін қосымшалардан тұрады.